

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 11 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметінен босату туралы.

Бұл мәселе бойынша Президентіміздің тиісті ұсынуы Сенатқа келіп түсті.

Мемлекет басшысының ұсынуын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Шипп Денис Алексеевичке беріледі.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На ваше рассмотрение внесено представление Главы государства об освобождении от должностей судей Верховного Суда Касимова Акылтая Ахмеджановича, Савиновой Альфии Сагдуловны, Сапаровой Айгуль Ануарбековны в связи с уходом в отставку, Исмаилова Ербола Жукатовича в связи с назначением на другую должность.

Судьи Савинова и Сапарова достигли пенсионного возраста, судья Касимов достиг предельного возраста пребывания в должности судьи (67 лет).

Все имеют большой опыт судейской работы (от 26 лет до 41 года).

Судья Исмаилов решением Высшего Евразийского экономического совета от 25 декабря 2023 года № 12 назначен на должность судьи Суда Евразийского экономического союза с 1 января 2024 года.

Все вышеназванные судьи пользуются большим авторитетом в судейском сообществе.

Уважаемые депутаты, прошу поддержать представление Главы государства об освобождении от занимаемых должностей судей Верховного Суда Касимова, Савиновой,

Сапаровой в связи с уходом в отставку, Исмаилова в связи с назначением на другую должность.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Денис Алексеевич. Орныңызға отырыңыз.

Ұсынылған кандидатуралар алдын ала Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде талқыланды.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз комитет төрағасы Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті өзінің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметтерінен босатуға ұсынылған кандидатураларды талқылап, қарау нәтижесі бойынша қорытынды шығарды.

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы негізінде және Конституцияның 55-бабы 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 22-бабына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 1) және 8) тармақшаларына, 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес комитет Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Ербол Жұқатұлы Исмаиловты басқа қызметке тағайындалуына байланысты, Ақылтай Ахметжанұлы Қасымовты, Альфия Сағдуловна Савинованы, Айгүл Әнуарбекқызы Сапарованы орнынан түсуіне байланысты судья қызметінен босатуды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше шешім қабылдау үшін дауыс беру тәртібін белгілеп алайық.

Шешімді ашық дауыс беру арқылы әр кандидатура бойынша жеке-жеке қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Олай болса алдымен Исмаилов Ербол Жұқатұлын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Қасымов Ақылтай Ахметжанұлын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Савинова Альфия Сағдуловнаны Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Сапарова Айгүл Әнуарбекқызын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Заңды әзірлеу құрылатын Экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі арқылы іске асырылатын отандық шикізаттық емес тауарлардың сыртқы нарықтарға экспортын дамыту және ілгерілету қажеттілігіне байланысты және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Экспорттық-кредиттік агенттігі сауда операциялары кезінде төлем жасамау тәуекелінен сақтандыру қорғанысы қызметін көрсететін болады. Сақтандырумен (қайта сақтандырумен) қатар мемлекеттік кепілдендіруді және сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарлары мен қызметтерін ілгерілету жөніндегі өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу, сондай-ақ қаржы агентінің функцияларын жүзеге асыру көзделеді. «Сақтандыру қызметі туралы» Заң Экспорттық-кредиттік агенттігіне қолданылмайды.

Бюджет кодексіне түзетулерде экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік алған кезде Экспорттық-кредиттік агенттігінің сәйкес келуі тиіс талаптары айқындалған. Мәселен, нақты жүзеге асырылған сақтандыру және кепілдік төлемдерінің көлемі

экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктердің қолданылу кезеңінде меншікті капитал көлемінің 40 пайызынан аспауға тиіс.

«Сауда қызметін реттеу туралы» Заң шеңберінде уәкілетті мемлекеттік орган – Сауда және интеграция министрлігінің Экспорттық-кредиттік агенттігінің қызметін реттеу туралы нормативтік актілерді қабылдау жөніндегі функциялары регламенттелген. Сондай-ақ Экспорттық-кредиттік агенттік Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сұрау салуы бойынша заңда белгіленген бөлікте өз қызметіне қатысты ақпарат беретіні анықталды.

Заңда Экспорттық-кредиттік агенттігімен үлестес тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салынған.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңға өзгерістерде Экспорттық-кредиттік агенттігін қаржы мониторингі субъектілеріне жатқызу ұсынылады.

«Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңға толықтыруларға сәйкес Экспорттық-кредиттік агенттігі Сауда және интеграция министрлігінің өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну бойынша қызметтерін көрсететін болады. Бұл шаралар отандық тауарларды ілгерілету жөніндегі өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу арқылы іске асырылатын болады.

Сонымен қатар Экспорттық-кредиттік агенттігінің елеулі қаржы ресурстарын шоғырландыра отырып мемлекеттік қолдау шараларының кең спектрін іске асыратын ерекше мәртебеге ие екенін атап өткен жөн. Сондықтан Сауда және интеграция министрлігінің мемлекеттік қолдаудың іске асырылып жатқан шараларын қоса алғанда Экспорттық-кредиттік агенттігінің қызметін бақылау және қадағалау функцияларын күшейтуі орынды деп санаймыз.

Экспорттық-кредиттік агенттігі өзі үшін субсидиялау және кепілдік беру сияқты қолдау шараларының жаңа түрлерін жүзеге асыратынын назарға ала отырып Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Сенат отырыстарында Экспорттық-кредиттік агенттігі қызметі мәселелері бойынша Сауда және интеграция министрлігі мен «Бәйтерек» акционерлік қоғамын жиі тыңдауды, ал осы заңды сәтті іске асыру жөніндегі бірінші ақпаратты бір жыл өткен соң тыңдауды ұсынады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Жаманқұлұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеттілігі бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында шикізатқа тәуелділіктен арылу қажет екенін айтқан болатын. Бұл ел экономикасы үшін стратегиялық маңызға ие бағыт екені сөзсіз. Сондықтан бүгін мақұлданған заңда отандық шикізаттық емес тауарлардың экспортын дамытатын жаңа институт құру көзделіп отыр. Осыған байланысты Экспорттық-кредиттік агенттікке арнайы құқықтық статус берілді.

Заң аясында жаңа құрылымның жұмысына қажетті барлық құқықтық және өзге де құзыреттер қарастырылған. Жалпы, мақұлданған заң осы саладағы мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттырады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі үшінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар және шақырылғандар! Сіздердің назарларыңызға Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң ұсынылады.

Хаттама арқылы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа 106 түзету енгізіледі. Өзгерістер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер сарапшыларының бірлескен жұмысы нәтижесінде әзірленген.

Тұжырымдамалық өзгерістерден келесіні атап өтуге болады.

Бірінші. Фитосанитариялық сертификаттар мен мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді электронды түрде рәсімдеу мүмкіндігі пайда болады.

Электрондық құжаттарды енгізу «алқаптан дүкен сөрелеріне» дейінгі жеміс-жидек өнімдерінің партияларын цифрлық қадағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар біздің кәсіпкерлерге өз өнімдерін көршілес мемлекеттердің нарықтарына жеткізу кезінде фитосанитариялық бақылау органдары тарапынан негізсіз тексерулерді жүргізбеуге мүмкіндік береді.

Екінші. Бәсекелестік ережелерін сақтау саласында Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдерін орындамағаны үшін айыппұлдарды енгізу қарастырылған.

Бүгінгі таңда Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның талабы бойынша мәліметтерді ұсынбағаны немесе уақытылы ұсынбағаны үшін айыппұлдар көзделген. Алайда шартта айыппұл салу туралы комиссия

шешімдерін және бұзушыны белгілі бір әрекеттерді жасауға міндеттейтін комиссия шешімдерін орындамағаны үшін жауапкершілік көзделмеген.

Үшінші. Демпингке қарсы қайта тергеу тетігі енгізіледі.

Егер шетелдік өндіруші тауарларды демпингтік бағамен жеткізуді жүзеге асыратын болса, онда комиссия демпингке қарсы шараларды белгілеуге құқылы.

Сонымен қатар демпингке қарсы шара импорттық тауарлар бағасының өзгеруіне ықпал етпейтін немесе елеусіз өзгеруіне алып келетін жағдайлар болатынын атап өту керек. Мұндай жағдайда демпингке қарсы қайта тергеу жүргізу тетігі енгізіледі.

Осылайша ұсынылған тетік қазақстандық өндірушілерді үшінші елдер өндірушілерінің жосықсыз сауда тәжірибесінен қорғауға мүмкіндік береді.

Төртінші. Педагогика және заң қызметі саласындағы жұмыскерлер үшін Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекетінде білім туралы құжаттарды тану жөніндегі талаптар алынып тасталады. Бұл еңбек мигранттарының осы санатын жұмысқа орналастыру кезіндегі шарттарды жеңілдетуге бағытталған.

Бесінші. Еуразиялық экономикалық одақ органдарының қабылданған актілерінің нақты әсерін бағалауды жүргізу тетігі енгізіледі. Бұл құрал комиссияның бұрын қабылданған шешімдеріне қатысты нақты әсерді бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың жобаларына қатысты реттеуші әсерді бағалау енгізілуде. Аталған тетіктерді енгізу бизнесті жүргізу шарттарын нығайтады, сондай-ақ кәсіпкерлердің негізсіз шығындарына әкеп соқтыратын артық ережелерді анықтауға және жоюға, бизнесті жүргізу шарттарын жақсартуға және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ұсынылған өзгерістер:

құқық қолдану практикасы барысында анықталған құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға;

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта қолданылатын терминологияны біркелкілікке келтіруге;

Еуразиялық экономикалық одақты дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарында көзделген жекелеген іс-шараларды іске асыруға бағытталғанын атап өту керек.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Қаржы және бюджет комитеті «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сауда және интеграция министріне.

Қаралып отырған хаттамаға сәйкес кеден одағының жұмыс істеу қағидаттарын белгілейтін Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 25-бабына кедендік декларациялаусыз және мемлекеттік бақылаусыз, оның ішінде санитариялық, ветеринариялық-санитариялық бақылауды қолданбай, мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарларды еркін өткізу қағидаты бөлігінде өзгерістер енгізіледі. Енгізілетін өзгерістерге сәйкес «санитариялық, ветеринариялық-санитариялық» деген сөздер «санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық» деген сөздермен ауыстырылады.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарларды өткізу кезінде «санитариялық, ветеринариялық-санитариялық бақылау» сияқты мемлекеттік бақылаудың түріне нұсқау Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың басқа да баптары мен бөлімдерінде кездеседі, бірақ оларға тиісті өзгерістер хаттамада қарастырылмаған. Осы орай, менің пікірімше, нормаларды практикада біркелкі қолдану және шарттың мәтінінде бірыңғай терминологияны пайдалану мақсатында аталған нормаларға да тиісті өзгерістер енгізу негізді болар еді. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Неліктен хаттамада Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың басқа да ұқсас нормаларына тиісті өзгерістер енгізу қарастырылмаған?

ТӨРАҒА. Сауда және интеграция министрі Шаққалиев Арман Абайұлы, жауап беріңіз.

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Құрметті Мұрат Болатұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бұл техникалық түзету. Тек қана 25-бапта «санитариялық» деген сөз болмады. Шартты енгізген кезде ондай техникалық қателік болғанын айтуға болады. 25-бапта «эпидемиологиялық» деген сөз болмады. Егер шартты қарайтын болсақ, ондай «санитариялық-эпидемиологиялық» деген сөздер барлық жерде бар. Бұл енді заң техникасы жағынан түзету, қосымшаға да, шарттың өзіне де басқа өзгерістер енгізудің қажеті жоқ. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министру торговли и интеграции.

Уважаемый Арман Абаевич! Рассматриваемым протоколом внедряется механизм цифровой прослеживаемости партий плодоовощной продукции «от поля до прилавка». Прослеживаемость предлагается осуществлять через интеграцию национальных информационных систем, то есть для каждой партии будет формироваться уникальный идентификационный номер. В этой связи у меня вопросы.

1. Какие виды продукции попадут под цифровую прослеживаемость?

2. Доработаны ли на сегодня технологические документы для запуска интегрированной информационной системы? Рақмет.

ТӨРАҒА. Арман Абайұлы, жауап беріңіз.

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. Рақмет.

Во-первых, речь идет о подкарантинных видах продукции (около 35 видов), это плодоовощная группа, рис, сельскохозяйственная продукция и так далее.

Что касается вопросов интеграции – это ключевой момент. Дело в том, что системы существуют в национальном формате. Что это дает? Это дает, как сказал уважаемый докладчик, необходимость документального подтверждения, возможность признания, доверие, это есть цифровое сопровождение, свобода передвижения товаров.

Что касается сроков, то на сегодня правила обмена, что касается юридического сопровождения этого вопроса, все документы приняты, после ратификации (не раньше марта текущего года) предусмотрено вступление в силу правил обмена, правил прослеживаемости.

Что касается технической интеграции, то в соответствии с Концепцией развития АПК по линии Министерства сельского хозяйства, это 2025 год, то есть в течение этого года принимаются технические условия интеграции. Бюджет предусмотрен Евразийской экономической комиссией, с нашей стороны никаких затрат не будет. В 2025 году уже непосредственно интеграция. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичқа беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сауда және интеграция министрі Арман Абайұлына.

Қарастырылып отырған заң қабылданған жағдайда Еуразиялық экономикалық комиссия бірқатар жаңа өкілеттіктерге ие болады. Олардың қатарында стандарттау, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы, сондай-ақ санитариялық, ветеринариялық-санитариялық, фитосанитариялық шаралар, бәсекелестік және тағы басқалары бар.

Аталған шаралар ел экономикасының дамуына және салық түсімдерінің көлеміне айтарлықтай әсер етуі анық. Десе де, менің ойымша, адами факторлардың ықпалын, кадрлардың құзыреттілігі мен ұлттық мүддені қорғау арасындағы туындауы мүмкін карама-қайшылықтарды ескерусіз қалдыруға болмайды.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарына сәйкес комиссияға қосымша өкілеттіктер беру оның жауапкершілігін, тәртібін, кадрлық құрамының және жұмыс барысының ашықтығын күшейтумен қатар жүруі тиіс. Комиссия мүшелері және комиссияның лауазымды адамдары өздерінің барлық әрекеттері мен қабылдаған шешімдері, сондай-ақ өз функцияларын орындау кезінде қабылдаған міндеттемелері үшін жауап беруге міндеттелген. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Комиссия қызметкерлерінің профил бойынша кәсіптік білім деңгейіне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарды күшейту, әрі олардың лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жауапкершілігін арттыру бойынша қандай шаралар қабылдануда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Арман Абайұлы, жауап беріңіз.

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. Рақмет, құрметті Алишер Гапиржанович.

Өте өзекті мәселе. Біз өткен жылы да, осы жылы да бірнеше ұсыныс енгіздік. Біріншіден, сіз айтқандай, бұл лауазым өте жоғары жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан бірінші – ұлттық деңгейде кандидаттардан біліктілік талап етіледі. Біз жан-жақты қараймыз (наличие профильных знаний, опыт работы).

Сондай-ақ екінші деңгей бар. Өткен жылы Еуразиялық экономикалық комиссияның алқасында біз лауазымды тұлғалар мен халықаралық қызметкерлерді іріктеу туралы ережені (положение об отборе должностных лиц и международных служащих) қарастырған болатынбыз. Бұрын еңбек шарты мерзімсіз болатын, енді осы жылдан бастап мерзім бес жыл деп белгіленді. Осындай жауапты лауазымға таңдаған кезде кандидаттар алдымен ұлттық біліктіліктен өтеді, содан кейін комиссия бетпе-бет тілдеседі, сол жерде олар алға қойылған мақсаттарды еңбек шартына енгізетін болады.

В совокупности это дает возможность... Вы правильно отметили, это действительно ответственность и возможность на профессиональном уровне подтвердить свою квалификацию. В этой части, повторю, усилены требования и на уровне комиссии, это коллегия, срочные договоры, требование по наличию профильного опыта и так далее.

Плюс есть конкретные показатели, характеризующие эффективность работы, недостижение которых является основанием для того, чтобы с указанными лицами расторгнуть контракты. Понятно, что это международные служащие, права которых были очень сильно защищены, в том числе тем, что контракты носили бессрочный характер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министру торговли и интеграции.

Протокол содержит поправки в Договор о Евразийском экономическом союзе в части оснований, дающих право государствам-членам применять ограничения во взаимной торговле товарами на таможенной территории ЕАЭС, если таковые необходимы, к примеру, для охраны жизни и здоровья человека, защиты общественной морали и правопорядка на территории данного государства.

Основания предусмотрены в подпунктах 1)-6) статьи 29 Договора о ЕАЭС. Протоколом соответствующий перечень дополняется таким основанием, как охрана культурных ценностей. При этом содержание каждого из оснований является довольно обширным, позволяющим охватывать большое количество случаев для введения ограничений во взаимной торговле.

В этой связи обращаем внимание, что Главой государства в Послании «Экономический курс Справедливого Казахстана» отмечено: «Сейчас многие страны активно применяют меры по защите внутреннего рынка, и на протекционистскую

промышленную политику перешли даже развитые государства». В связи с чем Президентом даны поручения, сохраняя открытую экономику, учитывать интересы национального бизнеса и применять новые, смелые подходы в торговой политике.

В этой связи у меня вопрос. Какую торговую политику планирует проводить либо проводит ваше министерство в целях защиты внутреннего рынка и интересов отечественного бизнеса и стимулирования их развития, в том числе и в рамках ЕАЭС?

ТӨРАҒА. Арман Абайұлы, жауап беріңіз.

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. Рақмет сұрағыңызға, Айнұр Серікпайқызы.

Вы правильно отметили «новые, смелые подходы в торговой политике». Законодательная основа есть, статья 29 содержит довольно обширный набор оснований. Прежде всего мы сосредотачиваемся на вопросах безопасности и качества продукции. Уже сегодня мы реализуем инициативу «Сапалы өнім», это наши возможности использования общественных организаций по линии защиты прав потребителей. В каждом регионе на базе общественных организаций мы консолидируем их в республиканское движение.

В чем смысл? Смысл в том, что будет закупаться продукция. Мы понимаем, что дешевая продукция, как правило, некачественная. Она может отвечать минимальным требованиям безопасности, но вводить в заблуждение. В этой связи общественное движение намерено испытывать все образцы продукции, которые мы видим на прилавках. Вы скажете, что мы бьем по хвостам, потому что эта продукция уже находится в обороте. Поэтому мы с прошлого года создали ситуационный штаб, в который вошли все контролирующие органы, отвечающие за безопасность и выпуск продукции в обращение.

Что можно сказать в качестве новых, смелых подходов? Выработан алгоритм взаимодействия, когда уже на въезде мы осуществляем строго в установленном законодательством порядке отбор образцов. И уже сегодня есть первые результаты, прежде всего по приграничным регионам, у нас порядка восьми производителей, введен запрет на реализацию такой продукции. Это наши приграничные регионы, Западный Казахстан, Актобе, Павлодар.

Отменены более 62 деклараций соответствия. Это декларации, дающие возможность реализовывать большие партии продукции. В каждом четвертом отборе образцов мяса птицы было обнаружено превышение показателей по содержанию вредных веществ (это совместно с Министерством здравоохранения).

Я уже говорил, были вопросы у общественности, что пандемия и последующий мораторий, будем говорить, сбавили тонус в этой части, то есть культура и, скажем так, отношение к тому, что отбор образцов продукции будет находиться в поле зрения, немножко ослаб этот тонус. Но это не говорит о том, что мы начинаем сплошняком и так далее, мораторий проходит, мы начинаем реализовывать свои контрольные функции. Нет. Это говорит лишь о том, что у нас есть четкое понимание, мы по системе управления рисками определили группы продукции, где чаще всего происходят нарушения.

Таким образом, совокупное использование инструментов технического регулирования и защиты прав потребителей дает нам этот эффект. В этой связи, оставаясь

открытой экономикой для добросовестных и качественных производителей, мы особое внимание обращаем на тех, кто не соблюдает правил игры. Спасибо.

ТӨРАҒА. Арман Абайұлы, в целом очень важный вопрос коллега Айнұр Серікпайқызы подняла, и Вы в целом ответили. Но в иллюстрацию того, что Вы говорите.

Мы вернулись из регионов, все коллеги были в регионах. В частности, я тоже посетил Атыраускую область, встречался с людьми, предпринимателями, депутатами маслихатов. На одной из встреч одним из предпринимателей был поднят вопрос о том, когда они поставляют продукцию в Россию, то буквально до 15-20 дней они вынуждены проходить всевозможные проверки, ветеринарные, санитарные, фитосанитарные и так далее. В то же время, когда обратно... У нас же единые правила игры, как Вы говорите, мы все добросовестно выполняем эти правила игры. Если наша продукция проходит такой тщательный контроль, особенно продовольственная, понятно, это здоровье людей, то почему, когда в нашу сторону идет эта продукция (они спрашивают), у нас не осуществляются (здесь сидят представители других соответствующих государственных органов) на должном уровне ветеринарный, санитарный, фитосанитарный и иные виды контроля?

Учитывая, что сейчас есть всевозможные добавки, какие-то препараты, о чем Вы сейчас говорите, что недобросовестные производители их могут использовать для производства продуктов питания, в целом в сельском хозяйстве, почему мы не должны на таком уровне проверять, чтобы обеспечивать здоровье наших граждан? Это же улица с двусторонним движением. Если наши партнеры проверяют, мы тоже должны проверять. Здесь же вопрос в целом паритетности, главное, вопрос обеспечения здоровья наших граждан. Соответственно, поднимают такой вопрос. Видимо, у них есть какие-то свои факты, они, видимо, когда покупают соответствующую продукцию или продукцию сельского хозяйства, сталкиваются с такими моментами.

Вот такой конкретный вопрос был задан. Мы пообещали поднять этот вопрос перед соответствующими государственными органами. И сегодня на первом пленарном заседании в новом году этот вопрос мы перед вами ставим. Можете, в принципе, прокомментировать. Но в целом здесь главная мысль в том, что в регионах люди эти вопросы поднимают. О чем это говорит? Это говорит о том, что или нет соответствующей работы со стороны государственных органов, или где-то мы соответствующим образом не выполняем свои договоры. Поэтому здесь, Арман Абайұлы, нам нужно поработать. Если где-то недостаточно осуществляется реализация этих договоров, то принять соответствующие меры по их реализации, если где-то информация до людей не доходит, то довести эту информацию, нужно принять соответствующие меры.

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. Спасибо.

Маулен Сагатханулы, Вы абсолютно четко отметили остроту проблемы. Единственное, я добавлю, что создан ситуационный штаб, работа будет осуществляться в регионах. Если в прошлом году был этап централизации, упорядочения алгоритма взаимодействия, то в этом году непосредственно работа в регионах, прежде всего в приграничных регионах, в том числе в Атырауской области, о которой Вы говорили. Мы

будем осуществлять выездные мероприятия, в том числе на границе, чтобы убедиться в полноте администрирования и выполнения того объема полномочий, которые сегодня, как Вы справедливо отметили, имеются.

Нужно работать строго в соответствии с этим алгоритмом. Этим мы займемся, приняли в работу, обязательно проинформируем общественность, прежде всего уважаемых депутатов, наших непосредственных бенефициаров – производителей и потребителей.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Сауда және интеграция министріне.

Хаттамаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттегі педагогикалық және заңгерлік қызметтегі жұмыскерлер үшін білім туралы құжаттарды растау туралы талаптарды алып тастау осы санаттағы адамдардың одаққа мүше басқа мемлекетте жұмысқа еркін орналасуына мүмкіндік береді. Бұл шара ұйымға мүше мемлекеттердің ұлттық еңбек құқығын кеңейтеді деп болжануда. Осыған орай сұрағым бар.

Одақ көлеміндегі жұмысшыларды оңайлатылған тәртіпте жұмысқа алу Қазақстан азаматтарына қандай оң әсерін тигізеді және ертеңгі күні еңбек нарығында бәсекелестікті күшейтіп, теріс салдарларға әкелмей ме? Жалпы, осындай тәуекелдер болуы мүмкін бе?

ТӨРАҒА. Арман Абайұлы, жауап беріңіз.

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. Рақмет, құрметті Айгүл Жарылқасынқызы.

Өздеріңізге мәлім, біздің жерлестеріміз – 60 мың студент көршілес мемлекеттерде оқып жатыр, ертең олар елге қайтады. Осы хаттама қабылданғаннан кейін дипломдарды растау, нострификация деген процедураның қажеті болмайды, сондықтан бұның тек оң әсері болады. Біздің студенттер үшін ешқандай техникалық кедергілер болмайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Серік Балғатайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Уважаемый Маулен Сағатханұлы! Уважаемые коллеги и приглашенные! Поправки, вносимые в Договор о ЕАЭС, касаются технического регулирования, ветеринарно-санитарных и фитосанитарных мер, макроэкономической политики, транспорта, взимания косвенных налогов, внешнеторговой политики, о которых подробно рассказал в своем докладе Серик Балгатаевич.

Хотелось бы остановиться на одной из главных поправок в данный договор, это возможность оформления фитосанитарных сертификатов и свидетельств о государственной регистрации в электронном виде.

В настоящее время данная процедура занимает два-три дня. Это связано с обменом информацией через электронную почту между Министерством сельского хозяйства и Россельхознадзором и далее пересылкой данной информации на границу.

При реализации данных поправок появится возможность оформления в электронном виде фитосанитарных сертификатов, которые непосредственно вводятся в электронную базу. Им присваивается соответствующий QR-код. То есть вводится механизм цифровой прослеживаемости плодоовощной продукции.

Оформление фитосанитарных сертификатов в электронном виде способствует предоставлению достоверной информации о провозимой плодоовощной продукции. Соответственно, это снизит коррупционные риски при проверке товаров на границе.

Таким образом, вносимые изменения в данной части позволят уполномоченным органам:

во-первых, гармонизировать нормативные правовые акты государств-членов в области карантина растений;

во-вторых, создать условия для обеспечения прослеживаемости подкарантинной продукции;

в-третьих, идентифицировать партии подкарантинной продукции.

В целом ратификация договора способствует развитию информационных систем государств – членов ЕАЭС в сфере карантина растений и ускорит проверочные процедуры на границе.

Кроме того, данный договор предусматривает и другие положения, которые способствуют установлению единого порядка проведения проверок и укреплению межгосударственного сотрудничества стран Евразийского экономического союза.

Учитывая вышеизложенное, предлагаю поддержать данный закон.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мақұлданған хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер топтамасын енгізуді көздейді. Бұл өзгерістер ұйым шеңберінде сауда, экономика, салық салаларындағы құқықтық қатынастарды жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ хаттамада еңбек көші-қоны, кедендік бақылау сияқты өзге де бірқатар мәселелер қамтылып отыр.

Заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында биыл Жошы ұлысының іргесі қаланғанына 800 жыл толатынын еске салып, мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде жатқанын әйгілейтін осы датаға орай ауқымды зерттеулер қолға алынатынын атап өтті.

Бұған дейін Президент тапсырмасына сәйкес Жошы кесенесі жаңартылды, Ұлытау облысы құрылды, Ұлттық құрылтай өтті. Қазақ хандығы Алтын Орданың мұрагері екенін ескерсек, биыл да игілікті істер жалғасын тауып, ұлыс тарихы жаңаша зерделенеді деген үміттеміз.

Ұлық ұлыс – бұл жай ғана мемлекеттік құрылым емес, біз Еуразия деп атайтын ұланғайыр кеңістіктегі халықтардың тарихына арқау болған өркениеттік матрица. Оны өркениет мемлекет деп те атайтындар бар. Құрамындағы жұрттардың тілі мен дініне, дәстүріне қысым жасамаған Ұлық ұлыс олардың мәдениетінің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосты. Сондықтан ол «мәдениеттер мозаикасын» түзген тиімді мемлекет тетігі арқылы қалыптасқан тұтас жүйе. Еліміздегі толеранттылық тамыры осы дәстүрмен үндес жатыр. Қазір қайта жаңғырған Жібек жолына иелік еткен, Шығыс пен Батысты жалғаған Ұлық ұлыс – Алтын Орданың экономикалық аспектілерін зерделеу де маңызды. Бұл ретте мемлекеттілік тарихын Ұлық ұлыспен тарататын елдердің ғалымдарымен ортақ мұраны бірлесе зерттеген жөн. Әсіресе «Жошы ұлысын зерттеу» институтына үлкен жауапкершілік жүктелері анық.

Бұған дейін Түркі академиясы Жошы ұлысына қатысты зерттеулер жүргізді, экспедициялар ұйымдастырды, кітаптар шығарып, ЮНЕСКО-да арнайы жиын өткізді.

Әрине, ұлт тарихын білмеу – қасірет! Алайда одан өткен үлкен қасірет бар, ол – тарихты жаңылыс білу. Ұлттық санаға тарихи сана негіз болады десек, бұрмаланған түсініктен қате таным қалыптасады. Сондықтан тарихты дұрыс жазу және оқыту тарихты жасаумен бірдей өзекті.

Биыл аяқталатын Қазақстан тарихының көп томдығы Жошы ұлысына қатысты тың деректерді ұсынады деп үміттенеміз. Мектеп оқулықтары осы көп томдық негізінде қайта жазылғаны абзал. Онда Жошының қазақ хандарының атасы екені баса айтылуы тиіс. Сонымен қатар оқулықтарға қазақ мемлекеттілігінің бастаулары туралы да соны деректер енгізу керек. Мәселен, тарихи Талас құрылтайы өткен, Жетісу мен Сыр арасында құрылған Моғолстан мемлекетіне 6-7-сыныпқа арналған оқулықта бір параграф, ал 10-сыныпқа арналған оқулықта төрт-бес жол ғана арналған. Ал осы Моғолстан жерінде, Шу бойында Қазақ хандығының негізі қаланғаны белгілі.

Бір айта кетерлігі, жоғары оқу орындарындағы мамандықтарға «Қазақ тарихы» пәнінің енгізілгені кұптарлық. Осы пәнді методологиялық бірізділікке келтіріп, мемлекеттілігіміздің бастауларына басымдық берілгені жөн.

Биыл Ұлттық құрылтайдың Ұлық ұлыстың астанасы болған Сарайшық маңында Атырауда өтетіні кездейсоқтық емес. Жошы ұлысына арналған іргелі зерттеулер жүргізу,

арнайы музей жасақтау, нысандарға Жошының атын беру, әдеби жәдігерлерді жаңғырту мақсатында Едіге байқауын өткізу, Ұлытаудағы ескерткіш кешендерді ЮНЕСКО-ның материалдық мұралар тізіміне енгізу де өзекті. Елімізде өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойыны Жошыны насихаттау үшін үлкен мүмкіндік. Оларға ақпараттық қолдау көрсету, танымдық деректі және көркем фильмдер мен балаларға арналған мультфильмдер ұсыну да маңызды. Той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін қажет десек, Жошы ұлысының 800 жылдығы ұлы дала өркениеті мен мемлекеттілігіміздің түп тамырын жаңаша пайымдау және насихаттау арқылы тарихи сананың орнығуына оң ықпал етері анық.

Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Д. Қыдырәлі, Ә. Бектаев, А. Нухұлы, Г. Шиповских, А. Сатвалдиев, А. Толамисов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСПН Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Үкімет басшысы Әлихан Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақта «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөз бар. Былтыр Тәжікстанның жеміс-жидегіне таласқан жұртты көріп жағамызды ұстаған едік. Дәл жаңа жылдың алдында шоколад шыршасын бір минутта тайпап кеткендерді де көрдік.

Осы видеолар халықаралық пабликтерде мыңдаған қаралым жинап жатыр. Сонда біздің мәдени деңгейіміз, жеткен жеріміз осы ма? Мұндай масқара оқиғалардың себебіне үңіліп көрдік пе?

Аш дейін десеңіз, аш емес. Тоқ дейін десеңіз, тобырлық деңгей мынау. Бүгінгідей тоқшылық заманда осыншама тоғышарлыққа бой алдыратындай күйге неге түстік?

Ең алдымен – тәрбие! Біздің елдегі тәрбие мәселесі дұрыс емес. Отбасындағы тәрбие далада қалды. Біреудің бір затын алма, тегін болса да тиіспе деген ежелгі тыйым қайда кетті? Халқымыздың «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деген үш-ақ ауыз сөзбен түйіндеген даналығы желге ұшқаны ма?

Қазақта «көргенсіз» деген ұғым бар. Кез келген адам үшін өте ауыр сөз.

Ақ көйлектің жағасы кірлесе, жуып кетіруге болады. Ал ұлттың атына кір келсе, қалай кетіреміз?

Тәрбиемен қатар мәдениет дұрыс болуы тиіс. Абайша айтсақ, мәдениетсіз дүние бос.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекет мәдени деңгейімізді көтеруге, таным-түсінігімізді кеңейтуге бағытталған бірқатар жұмыстарды жүргізді. «Мәдени мұра» бағдарламасымен басталып «Рухани жаңғыру» бағдарламасына дейін жалғасқан жұмыстардың барлығының да түпкі мақсаты елдік санамызды оятып, тарихи жадымызды қайта қалпына келтіруді көздеді.

Мұның бәрі дұрыс. Елдің дамуы үшін қажет шаралар. Сонымен іс бітті деп отырамыз ба? Әділетті Қазақстанның құндылықтары қандай? Қоғам үшін қандай

құндылықтар керек? Айталық, тәуелсіздік – құндылық, отбасы – құндылық, жер, тіл, салт-дәстүр, мәдениет – құндылық!

Президент «Толық адам», «Адал азамат» деген идеяларды ұсынды. Бұл да құндылық. Осының бәрін кім жүйелейді? Айтылған сөз айтылған жерде қалмауы керек қой. 20 миллион қазақ еліне ортақ осындай құндылықтар жүйесі қашан жасалады?

Жас ұрпақ тәрбиесі мен мәдени деңгейімізді көтеру мәселесіне мұқият көңіл бөлмесек болмайды. Жабайылық анайылыққа жол ашады. Сондықтан жалпы халықтың, әсіресе жастардың құндылық бағдарларын тереңдетіп, жұртты еңбекқорлыққа, ізденіске, ілім-білімге бет бұруға, әсіресе отбасы тәрбиесі мен мәдени тәрбиеге барынша күш салу қажет деп пайымдаймын.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Аталған мәселеге қатысты Үкіметтің тұжырымдамалық ұсыныстарын жан-жақты пысықтап, жедел әзірлеуге тапсырма беруіңізді сұраймын.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен Н. Жүсіп».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Настоящим депутатским запросом поднимаются вопросы начисления предпринимателям плат за тепловую энергию, заданные в ходе встреч с избирателями.

В соответствии с подпунктом 3) пункта 58 Правил формирования тарифов субпотребитель – это потребитель, тепловые сети и (или) теплопотребляющие установки которого присоединены к тепловым сетям потребителя.

В статье 2 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» дано определение понятиям «многоквартирный жилой дом», «нежилое помещение», «объект кондоминиума», «общее имущество объекта кондоминиума». Из содержания перечисленных норм следует, что потребители нежилых помещений не присоединяются к тепловым сетям многоквартирного жилого дома, так как общедомовые инженерные системы и оборудование являются общей долевой собственностью владельцев жилых и нежилых помещений.

При указанных обстоятельствах собственник нежилого помещения многоквартирного жилого дома не является субпотребителем, а относится к потребителям тепловой энергии наравне с владельцами квартир, общие тепловые сети и оборудование которых присоединены непосредственно к сетям энергопередающей организации.

Между тем в некоторых регионах с предпринимателей необоснованно взимались платежи за тепловую энергию в качестве субпотребителей. Примеров много. В частности,

в Северо-Казахстанской области ТОО «Севказэнергосбыт» неправомерно отнесло 1250 потребителей (предпринимателей) к субпотребителям.

Вступившим в силу решением специализированного межрайонного экономического суда в прошлом году на ТОО «Севказэнергосбыт» возложена обязанность произвести перерасчет потребителям. В итоге 1250 предпринимателям должны возвратить порядка 100 миллионов тенге.

Аналогичное нарушение имело место в Павлодарской области (ТОО «Павлодарэнергосбыт», таких 2171) и в городе Алматы (ТОО «Алматы жылу желілері», таких почти 8 тысяч).

На основании изложенного прошу рассмотреть имеющиеся проблемы, которые мной озвучены, дать ответ по всем вопросам и по устранению недостатков.

О результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по реализации прошу дать письменный ответ в установленный законом срок».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову по вопросам ценообразования лекарственных средств и медицинских изделий.

«Уважаемый Алихан Асханович! На протяжении длительного времени субъекты фармацевтического рынка поднимают вопрос о непрозрачности формирования предельных цен на лекарственные средства и медицинские изделия, а также о систематической задержке внесения изменений в приказы Министра здравоохранения Республики Казахстан, начиная с 2021 года, с установленными предельными ценами.

В соответствии с приказом № 247 Министра здравоохранения Республики Казахстан от 11 декабря 2020 года «Об утверждении правил регулирования, формирования предельных цен и наценки на лекарственные средства, а также медицинские изделия в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования» производители лекарственных средств и медицинских изделий обязаны ежегодно проходить процедуру регистрации цены или перерегистрации утвержденной цены в государственной экспертной организации.

В результате создалась ситуация, когда производители, несмотря на то, что их устраивают предельные цены прошлых годов, вынуждены ежегодно проходить процедуру перерегистрации цены со всеми вытекающими сложностями в виде сбора всех требуемых документов, потери времени, бюрократической волокиты, финансов и так далее.

При этом в Кодексе Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» отсутствует обязательность ежегодного утверждения предельных цен. В итоге с 2021 года ни разу не были обновлены соответствующие приказы по ценам.

Таким образом, производители лекарственных средств и медицинских изделий ежегодно регистрируют цены, но приказы Министра здравоохранения № 77 и 96 с новыми предельными ценами могут быть не опубликованы, что ведет к задержке выхода на рынок

Казахстана инновационных лекарственных средств и медицинских изделий, невозможности их поставки в рамках долгосрочных договоров и убыткам производителей лекарственных средств и медицинских изделий, а также приостановлению либо закрытию ряда действующих производственных площадок.

Кроме того, ввиду задержки выхода приказов у отечественных товаропроизводителей возникают стагнация, кассовые разрывы по обслуживанию текущих заемных обязательств перед банками второго уровня и фондом «Даму».

Со своей стороны, отечественные товаропроизводители лекарственных средств и медицинских изделий проходят все процедуры, необходимые для начала поставки фармацевтической продукции (экспертиза, государственная регистрация, регистрация цены и так далее).

Принимая во внимание важность вышеуказанных проблемных вопросов для обеспечения населения лекарственными средствами и медицинскими изделиями в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования и для обеспечения бесперебойной работы отечественных производителей, просим поручить Министерству здравоохранения и соответствующим ведомствам рассмотреть следующие вопросы.

1. Исключить обязательную ежегодную регистрацию цены или перерегистрацию зарегистрированной цены лекарственных средств и медицинских изделий в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования путем внесения изменений в приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан № 247.

2. Ускорить принятие новых либо внести изменения и дополнения в следующие приказы Министра здравоохранения, так как производители не могут реализовывать продукцию по государственному заказу в связи с тем, что до сих пор не утверждены цены на ряд их товаров. Это приказ № 77 от 5 августа 2021 года «Об утверждении предельных цен на торговое наименование лекарственных средств и медицинских изделий в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования» с учетом всех зарегистрированных цен лекарственных средств и медицинских изделий, приказ № 96 от 4 сентября 2021 года «Об утверждении предельных цен на международное непатентованное наименование лекарственного средства или техническую характеристику медицинского изделия в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования», приказ № 88 от 20 августа 2021 года «Об определении перечня лекарственных средств и медицинских изделий, закупаемых у единого дистрибьютора».

Вместе с тем хотелось бы отметить, что вышеперечисленные проблемы и предложения бизнеса по их решению были обсуждены ранее на всех площадках и с Правительством Республики Казахстан, исходя из которых были даны соответствующие протокольные поручения (протоколы совещания по рассмотрению проблемных вопросов бизнеса от 4 марта 2022 года и от 6 октября 2023 года). Однако до настоящего времени все остается неизменным. Мы надеемся, что данный депутатский запрос поможет решить эти вопросы.

О результатах рассмотрения нашего депутатского запроса просим дать письменный ответ в установленные законом сроки.

Депутаты Асанова, Альназарова, Аргынбекова, Жексенбай». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарына жолданады.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Бүгінгі депутаттық сауалым медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуде қордаланған мәселелерге қатысты болмақ.

2023 жылдың қорытындысымен елімізде 13 мыңнан аса дәрігерлік аймақ тұрғындарға көмек көрсетуде. Кадр тапшылығына байланысты оның 1 мың 700-ге жуығы дәрігерсіз, яғни 3 миллионға жуық халық толыққанды медициналық-санитариялық көмектен тыс қалуда деп айтуға болады. Сонымен қатар жыл ішінде «Еркін таңдау құқығы» арқылы пациенттер мекенжай өзгерту тетігі бойынша 1,9 миллион рет емханаға бекітілуін өзгерткен.

Осы аталған мәселелердің себептерін атап өтсем.

Бірінші – емханаларға бекітілу тәртібі. Бүгінгі күні тұрғындарға жыл көлемінде қалауы бойынша саны шектелмеген түрде бекітілу мүмкіндігі берілген. Бір отбасының анасы, әкесі, баласы үш түрлі емханаға тіркелу құқықтарына ие.

Пациенттер зерттеулердің кең спектрі қажеттілігі себебінен кішігірім, толық материалдық-техникалық базасы жоқ ұйымдардан ірі емханаларға уақытша тіркеліп, қайта бекіту орындарын ауыстыруда. Бұл соңғысына бөлінген қаражаттың тіркелген халықтың есебінен артық тұтынуын туғызады. Осының салдарынан медициналық ұйымдар жыл ішінде тіркелген халыққа сапалы қызметті, динамикалық бақылауды, дәрілік заттармен қамтамасыз етуді және аурулардың алдын алуға бағытталған егу жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізе алмай отыр. Еліміздегі вакцинамен басқарылатын инфекцияның таралуына бір мысал ретінде осы жүйенің әлсіреуін келтіруге болады.

Одан бөлек медициналық ұйымдардың әскер қатарында борышын өтеушілерді емханадан өздігінен шығаруға мүмкіндіктері қарастырылмаған. Өңірлердегі құзырлы органдар аталған тіркеуде қалған жасөспірімдер қаражатын заңсыз алынған қаражат санатына жатқызуда. Дәл осындай жағдай қылмыстық-атқару жүйесі органдарының орындарынан босап шыққан азаматтар арасында да орын алуда. Ал бұл өз кезегінде Медициналық сақтандыру қорымен жалған тіркеулер ретінде көрсетіліп, медициналық қызметкерлердің дискредитациясына және дәрігерлердің жүйеден кетуіне әкелуде.

Осындай жағдайларды шешу мақсатында белгілі бір санаттағы тұрғындарды тіркеуден шығару мүмкіндігі, бекітілу жиілігінің заңнамалық реттелуі, мемлекеттік тапсырыс алатын жеке медициналық ұйымдардың жауапкершілігін арттыру шаралары көзделетін сапалы өзгерістер қажет.

Екінші – емханалардың қаржыландыру мәселесі. Соңғы мәлімет бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек қаржыландырылуы жалпы салаға бөлінген

қаражаттың 58 пайызына ие. Дегенмен бұл көрсеткіш құрамына жалпы емхана деңгейде көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмекке берілген барлық сома қосылған. Ал нақты бүгінде бұл қаражат үлесінің төмендеу тенденциясы байқалады. Соңғы бес жылда медициналық-санитариялық алғашқы көмекке берілген қаражаттың 28 пайыздан 21,9 пайызға төмендеген себебі жалпы жүйеге берілген қаражат көлемінің өсуіне қарамастан медициналық-санитариялық алғашқы көмек тарифтері жылдар бойы өзгеріссіз қалуда. Оған қоса аймақтық дәрігер көрсететін қызметтің 38 пайызына, мейіргер көрсететін қызметтің 44 пайызына тарифтер бекітілмей отыр. 2023 жылмен салыстырғанда кешенді тариф небәрі 3 пайызға көтерілген, осыған орай жан басына шаққандағы кешенді норматив аймақтық қызметкерлердің қызметін толық жабады деп еш айта алмаймыз. Сондықтан емхана қызметтерінің есептеу методикасын өзгерту және жан басына шаққандағы кешенді нормативті қаржылай толықтыру қажет.

Үшінші – медициналық ұйымдардың бөлінген қаражатты өздері реттеу мүмкіндігі болмау мәселесі. Бұл емханалар шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мекемелер болып саналғанымен өз бетінше тәуелсіз басқару құқығынан айырылған. Оған дәлел мекемелердің сақтандыру қорынан бір жылға бөлінетін қаражатты пациенттердің нақты қажеттілігіне ескерілмеген жоспары бойынша әр ай сайын игерумен айналысуы. Медициналық ұйымдар пациентті емдеу, ауруларды талдау емес, бекітілген қаражат игерілмегеніне немесе сызықтық шкаладан асса салынатын айыппұлдарды болдырмаумен айналысуда.

2023 жылдың тоғыз ай қорытындысымен қор тарапынан медициналық мекемелерге 16 миллиард теңге қаржылық айыппұл салынса, оның 92,5 пайызы емханаларға тиесілі. Нәтижесінде ұйымдардың талаптары мен қаржылық мүмкіндіктері арасында айтарлықтай алшақтық пайда болып, шығыстар медициналық көмек көрсетуге көзделген қаражат есебінен жабылуда. Ол өз кезегінде медициналық статистиканың бұрмалануына және келер жылдың жоспарының нақты қажеттілігін ескерілмей жасалуына әкеліп соғуда.

Осыған орай көрсетілетін медициналық көмек түрі мен көлемін жоспарлаудың тиімділігін арттыруды және медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдарының қор ұстау тәртібіне көшуді ұсынамын.

Құрметті Тамара Босымбекқызы, көтеріліп отырған мәселе өте өзекті. Осы мәселелердің шешілуіне қолдау білдіруіңізді сұраймын».

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! 2023 жыл бүкіл елдегі диканшылар үшін күрделі жыл болды. Табиғаттың, ауа райының өзгеруі, қажетті кезде жауынның жаумауы, су тапшылығы, ауыл шаруашылығы нарығында өнімдердің бағасының түсіп кетуі және басқа да себептер ауыл шаруашылығы саласында көптеген қаржылық шығындарға әкелуде.

Біз жақында әріптестерімізбен өңірлерге шығып ауылдарды араладық, тұрғындармен, шаруашылық басшыларымен, облыс, қала, аудан мәслихат депутаттарымен кездестік.

Кездесуде алған өнімдерінің өтпей отырғанын, сақтау орындарының тапшылығын, азық-түлік бағасының өсуін тілге тиек етті.

Біз, Парламент депутаттары Алматы және Жетісу облыстарындағы жүгері өсірушілердің мәселелеріне назар аударғымыз келеді.

Жүгері – азық-түлік, жемшөп және техникалық мақсаттарда пайдаланылатын маңызды дақылдардың бірі. В, Е дәрумендері, техникалық май, желім алынады, 250-ден астам тағам түрлері дайындалады. Өнеркәсіпте жүгері дәнінен крахмал, декстрин, спирт, глюкоза, қант, май, бал, аскорбин және глютамин қышқылдарын алуға қолданылады.

Жетісу мен Алматы облыстары жүгеріні жетпіс жылдан астам уақыт бойы өсіріп келеді және Қазақстанда ғана емес, көрші елдер арасында негізгі өндірушілердің біріне айналды. Көптеген жылдар бойы өңірлерде жүгері өсірушілердің еңбек династиялары қалыптасты, орасан зор және бірегей тәжірибе жинақталды. Осыған орай шаруалардың басым бөлігі болашақ жоспарларын диқаншылықпен, жүгері өсірумен байланыстырды. Алайда өткен жылы қолайсыз ауа райының салдарынан егістік алқабында жүздеген гектар өнім жиналмай қалды, сақтау орындарының жоқтығы немесе оны ұсынып отырғандардың бағасының көтеріңкі болуы жүгері өнімдерінің ашық аспан астында қалуына, нарықтағы бағаның төмендігі өнімдерінің өтпеуіне әкелуде.

Сонымен қатар соңғы бес жылда жүгері құнының өсіп келіп, былтыр күрт түсуі шаруалардың онсыз да оңай емес жағдайларын қиындатты. Бүгінгі күні көптеген шаруалардың 2024 жылғы егіс науқанына сапалы дайындықты айтпағанда, ағымдағы міндеттемелерді төлеуге мүмкіндіктері жоқ.

Жергілікті атқарушы органдар агросекторға көмек көрсету үшін кездесулер, осы мәселені шешу бойынша өнімді өңдеу компанияларымен, мал бордақылау, құс фабрикаларымен келіссөздер жүргізуде. Оған Парламент депутаттарының бастамасымен Ауыл шаруашылығы министрлігі және агрофинанс өкілдері қатысуда. Өкінішке қарай, түбегейлі шешімдер жоқ.

Иә, жауапкершілік шаруалардың өздерінде де болуы керек екенін жақсы түсінеміз. Бүгінгі мәселе шешілер, ал фермерлердің болашағы не болмақ?

Біздің пікірімізше, қабылданған шаралар бір реттік құтқару шаралары болмау керек және осындай жағдайдың жылдан-жылға қайталануына жол бермеуіміз қажет. Жүгеріні терең өңдеу және өнімді сату мүмкіндіктерін кеңейту, тыңайтқыштар мен тұқымдарды, жанар-жағармайды алудың оңайлатылған басқа да құралдарын тиімді субсидиялау мәселелерін қарастыру керек. Агроклиматтық ресурстар мен ауыл шаруашылығы өсімдіктерін аудандастыру қағидаттарына сәйкес жүгеріні өсіруге бағдарланған және дақылдың осы түріне қомақты қаржы, басқа да ресурстар салған шаруалар мен өңірлерді назардан тыс қалдыру әділетсіз және бұл мәселені шешу үшін жауапкершілік бәрімізге жүктеледі.

Осыған байланысты, құрметті Әлихан Асанұлы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрлігі, тағы да басқа уәкілетті министрліктер, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік, астық саласында

мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ұлттық компаниясы, өзге де ғылыми-зерттеу институттары осы мәселені реттеуге бағытталған Қазақстандағы және бүкіл әлемдегі ауыл шаруашылығы өнімдері нарығындағы сұраныс пен ұсыныстардың жағдайын айқындап, тұтыну көлемін және нарықтың негізгі көрсеткіштерін есептеп, ауа райының жаһандық өзгеруіне және басқа да факторларды ескере отырып, ең бастысы ауыл шаруашылығы өндірушілерімізді шығындардан шектеу мақсатында іс-шаралар жоспарын шұғыл енгізуіңізді сұраймыз. Себебі басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерінің өтпеуі орын алуда.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді өтінеміз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, С. Дүйсембинов, Ж. Жөргенбаев, З. Кузиев, А. Толамисов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесі Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сенат депутаттарының өңірлерге сапарлары кезінде тұрғындар, бизнес-қауымдастық өкілдері өзге мәселелерден бұрын газ мәселесін ерекше көтерді. Себебі бұл облыстардың халқы табиғи газдың өмір сүру сапасына қалай әсер ететінін ондаған жылдардан бері газы бар көршілес жатқан Қостанай, шекаралас Ресейдің Түмен, Омбы, Қорған облыстары тұрғындарының тұрмысынан көреді.

Өзгелер көгілдір отынның қызығын көріп жатқанда көрші отырып көмір тасыған ауыл тұрғынының тілегін жеткізіп отырмыз.

2021 жылдың жазында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев газ саласын дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізіп, онда еліміздің солтүстігін, атап айтқанда, Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарын газбен толық қамтамасыз етуге ерекше назар аударған болатын. «Бұл мемлекеттік маңызы бар мәселе. Оны шешудің екі жолы бар – «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын ұзарту немесе ресейлік газ тасымалдау жүйесіне қосылу. Бұл жолдардың әрқайсысының оң және теріс жақтары бар. Үкімет өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп жақын арада таңдау жасауы қажет» деп тапсырған Президент.

Облыстарды газдандырудың мәселесі қордаланған қаншама маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мәселен:

532,2 мыңнан астам солтүстікқазақстандықтардың (оның 56 пайызы ауыл тұрғындары), 788 мың ақмолалықтардың (ауылдағысы 43 пайыз) өмір сүру сапасын арттыруға;

негізгі аймақтық проблемалардың бірі халықтың көші-қонын азайту және кері сальдоны шектеуге;

облыстар экономикасының одан әрі дамуына, жалпы өңірлік өнімнің өсуіне серпін беруге;

агроөнеркәсіптік кешен саласында, экономиканың басқа да салаларында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жағдайлар жасауға;

газың болмаса қаржы санаған кәсіпкер алтын берсең де айдалаға барып инвестиция құймайтыны анық. Шығарылатын өнімнің өзіндік құнының төмендеуі;

тіпті болмаса қоршаған ортаға зиянды шығарындыларды үш есе азайту немесе аймақтың орман қорын сақтау арқылы экологиялық жағдайды жақсартуға.

Елде газ тұтыну жыл сайын өсуде, бірақ газ өндіру қарқыны бұл өсімге сәйкес келмейді. Өнеркәсіптік нысандарды газға көшіру бойынша жаңа жобалар іске қосылуда. Көгілдір отынды тұтынатын халық саны көбеюде. Ұсыныс сұранысты қанағаттандырмай отыр.

Жақында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі елді газдандырудың 2023 – 2030 жылдарға арналған бас кестесін бекітті. Бұл кешенді құжат елдің газ жүйесін одан әрі дамытудың стратегиялық бағыттарын көздейді.

Энергетика министрлігінің Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарын газдандыру жөніндегі жұмысты бастау жоспарына сәйкес 2026 жылдан бастап үшінші кезең шеңберінде, бірақ «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің құрылысы аяқталғаннан кейін бастап іске асырылатын болады, газды Астанадан Көкшетау қаласына және одан әрі Петропавлға жеткізу көзделген.

Солтүстік облыстарды газдандырудың балама жолдары бар. Олардың бірі – Ресей Федерациясының Түмен облысының Ишим қаласында қосылу нүктесі бар магистральдық газ құбырын салу. «Түмен облысының солтүстік аудандары — Омбы» магистральдық газ құбырына қосылу үшін ең жақын нүкте – Петропавл қаласынан 156 километр қашықтықта орналасқан Түмен облысының Ишим қаласы. Бір кездері осы жоба бойынша барлық техникалық-экономикалық сараптамалар мен алдын ала есептеулер жүргізілген болатын.

Омбы қаласынан Петропавл қаласына газ жеткізу нұсқасын да қарастыруға болады, бірақ бұл жағдайда газ құбырының ұзындығы 286 шақырымды құрайды деп есептелген. Қалай болғанда да Ресейден газды Петропавлға жеткізу 2026 жылдан бастап газдандырудың үшінші кезеңі шеңберінде Көкшетау қаласы арқылы жеткізу жоспарланып отырған «Сарыарқа» магистральдық газ құбырына қосылуға толықтай мүмкіндік береді.

Газдандыру мәселесі Парламент қабырғасында, оның ішінде Үкіметтің есептерін қарау кезінде бірнеше рет көтерілді. Үкіметаралық комиссия құрылып, келіссөздер жүргізіліп жатыр деген жауаптар алынды, бірақ бұл мәселенің шешімі бүгінге дейін кері шегеріліп келеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, құрметті Әлихан Асханұлы, сізден:

біріншіден, министрліктің басты кестесінде жалпылама берілген Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын газдандырудың нақты мерзімін белгілеуді;

екіншіден, Ресей Федерациясы Түмен облысының Ишим қаласында қосылу нүктесі бар магистральдық газ құбырына қосылу аталған өңірлерді газбен қамтамасыз етудің өңірлік балама нұсқасы ретінде қарастырылып отыр ма?

Сауалдың толық нұсқасы сізге жолданады.

Құрметпен Сенат депутаттары О. Перепечина, Н. Бекенов, Т. Жүнісов, Ә. Рахметова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2024 жылғы 11 қаңтар

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметінен босату туралы

Об освобождении от должностей судей Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметінен босату туралы

Об освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Д.А. ШИППАТІҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан ШИППА Д.А. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам экспортно-кредитного агентства и продвижения экспорта несырьевых товаров (работ, услуг)», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы С.Ж. ШАЙДАРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ШАЙДАРОВА С.Ж. 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу

туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.Б. ӨТЕШОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету УТЕШОВА С.Б. 5

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАДЫРБЕК М.Б. 6

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі, Министр торговли и интеграции Республики Казахстан 7

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. 7

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. 8

САТВАЛДИЕВ А.Г. 8

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. 9

АРҒЫНБЕКОВА А.С. 9

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. 10

ҚАПБАРОВА А.Ж. 12

ШАҚҚАЛИЕВ А.А. 12

КАРПЛЮК С.А. 12

Депутат Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ҚЫДЫРАЛИ Д.Қ. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 14

Депутат Н.Б. ЖҮСІПТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

Депутат А.И. ЛУКИННІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 16

Депутат Ж.Б. АСАНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АСАНОВОЙ Ж.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 17

Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б. 19

Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Ғ.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 20

Депутат Ә.Қ. РАХМЕТОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата РАХМЕТОВОЙ А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 22

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева